

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орынын белгілеу мен кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 374 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 наурызда № 4420 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 30.05.2019 № 32 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабы 4 және 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Курчатов қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес Курчатов қаласы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін .

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес Курчатов қаласы бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай берілсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласы әкімінің орынбасары **Е.В. Старенковаға** жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

Курчатов қалалық аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы

С. Смағұлов

"26" ақпандағы 2016 жыл

Курчатов қаласы әкімдігінің

Курчатов қаласы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар тізбесі

№P/с	Елді мекен атауы	Үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Курчатов қаласы	"Қалалық Мәдениет үйі" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын ғимаратының жанындағы алаңқай, Тәуелсіздік көшесі, 2
2		Қазпошта ғимараты жанындағы алаңқай, Абай көшесі, 13
3		"Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы алаңқай, Тәуелсіздік көшесі, 10

Курчатов қаласы әкімдігінің
2016 жылғы "26" ақпандағы
№ 374 қаулысына 2 қосымша

Курчатов қаласы бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай

№P/с	Үй-жай тұрған жері	Мекенжайы
1	"Қалалық Мәдениет үйі" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	Курчатов қаласы Тәуелсіздік көшесі, 2